

"Биоотын өндірушілердің биоотын өндірісінің мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептер ұсыну нысандары мен оларды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 шілдедегі № 4-4/631 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 26 қаңтардағы № 35 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 26 қаңтарда № 31783 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Биоотын өндірушілердің биоотын өндірісінің мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептер ұсыну нысандары мен оларды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 шілдедегі № 4-4/631 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12107 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Биоотын өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 13-2) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) өткізілген шикізат көлемі туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес ;

2) өндірілген биоотынның көлемі туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 1-1-қосымшаға сәйкес;

3) басқа жеткізушілерден биоотынның келуі туралы есеп нысаны осы бұйрыққа 1-2-қосымшаға сәйкес;

4) Биоотын өндірушілердің биоотын өндірісінің мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептерді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына ұсыну қағидалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.";

1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 1-1 және 1-2-қосымшалармен толықтырылсын;

2-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Аграрлық азық-түлік нарықтары және ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі*

Е. Карашукеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 26 қаңтардағы
№ 35 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
9 шілдедегі № 4-4/631
бұйрығына
1-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына

Әкімшілік деректер нысаны www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Өткізілген шикізат көлемі туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: нысан № ОРС-1 нысаны

Жиілігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: _____ тоқсан _____ жыл

Ақпаратты ұсынатын адамдар тобы: биоотын өндірушілер

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күніне дейін

№ р/с	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының кодына сәйкес шикізат түрі	Шикізаттың келіп түскені, тонна	Биоотын өндірісінде пайдаланылған өзі өсірген тамақ шикізаты	Тамақ шикізатын жеткізушінің атауы, орналасқан жері (облыс, аудан)	Тамақ шикізатын жеткізу шартының күні, нөмірі	Қолданылған қалдықтар, тонна	Қайта өңделген шикізат, тонна	Шикізаттың бүлінгені, жоғалғаны, тонна
1	2	3	4	5	6	7	8	9
	Жиыны							

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почтасы _____

Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

Бас бухгалтер _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі қолы

20__ жылғы " __ " _____

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі қолы

20__ жылғы " __ " _____

"Өткізілген шикізат көлемі туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша

"Өткізілген шикізат көлемі туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Өткізілген шикізат көлемі туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды биоотын өндіруші толтырады.

3. Нысанға биоотын өндірушінің басшысы не оның міндетін атқарушы адам, бас бухгалтер қол қояды.

4. Нысанды биоотын өндіруші облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күніне дейін ұсынады.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме

6. 1-бағанда реті бойынша нөмірі көрсетіледі.

7. 2-бағанда Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының кодына сәйкес шикізат түрі көрсетіледі. Бидай үшін бидайдың осы партиясына техникалық реттеу саласындағы сәйкестікті бағалау жөніндегі құжаттың нөмірі мен күні қосымша көрсетіледі.

8. 3-бағанда шикізаттың түсімі тоннамен көрсетіледі.

9. 4-бағанда, егер оны өсіру көзделген жағдайда, биоотын өндірісінде пайдаланылған, өздерінде өсірілген тамақ шикізатының мөлшері көрсетіледі.

10. 5-бағанда тамақ шикізатын жеткізушінің атауы, шыққан жері (облысы, ауданы) көрсетіледі.

11. 6-бағанда тамақ шикізатын жеткізу шартының күні, нөмірі көрсетіледі.

12. 7-бағанда қолданылған қалдықтар тоннамен көрсетіледі.

13. 8-бағанда өңделген шикізаттың саны тоннамен көрсетіледі.

14. 9-бағанда бүлінген, жоғалған шикізаттың саны тоннамен көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 26 қаңтардағы
№ 35 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
9 шілдедегі № 4-4/631
бұйрығына
1-1-қосымша

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына

Әкімшілік деректер нысаны www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Өндірілген биоотын көлемі туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: № ОПБ-2 нысаны

Жиілігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: _____ тоқсан _____ жыл

Ақпаратты ұсынатын адамдар тобы: биоотын өндірушілер

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күніне дейін

№ р/с	Дербес сәйкестендіру нөмірі - биоотын коды	Барлығы	Өндірушінің өткізгені, тонна					Бүлінгені, жоғалғаны, литр	Өнімді қайтару, литр
			Биоотын өндіретін тұлғаларға	мұнай өнімдерінің компандирлеуге	химия және онымен байланысты өнеркәсіп салаларының өнімдерін өндіруге	өзінің өндірістік мұқтажына пайдаланылғаны	экспортқа		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жиыны									

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почтасы _____

Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

Бас бухгалтер _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі қолы

20__ жылғы " __ " _____

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі қолы

20__ жылғы " __ " _____

Қосымша "өндірілген биоотын көлемі туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанда

"Өндірілген биоотын көлемі туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсініктеме "Өндірілген биоотын көлемі туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды биоотын өндіруші толтырады.

3. Нысанға биоотын өндірушінің басшысы немесе оның міндетін атқарушы адам, бас бухгалтер қол қояды.

4. Нысанды биоотын өндіруші облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күніне дейін ұсынады.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме

6. 1-бағанда реті бойынша нөмірі көрсетіледі.

7. 2-бағанда дербес сәйкестендіру нөмірі-биоотын коды көрсетіледі.

8. 3-бағанда өткізілген биоотынның жалпы саны (3-баған = 4-баған + 5-баған + 6-баған + 7-баған+ 8-баған) литрмен көрсетіледі.

9. 4-бағанда биоотын өндіретін тұлғаларға өткізілген биоотынның мөлшері литрмен көрсетіледі.

10. 5-бағанда мұнай өнімдерін компаундирлеуге өткізілген биоотынның мөлшері литрмен көрсетіледі.

11. 6-бағанда химия және онымен байланысты өнеркәсіп өнімдерін өндіруге өткізілген биоотын мөлшері литрмен көрсетіледі.

12. 7-бағанда меншікті өндірістік мұқтаждарға пайдаланылған биоотын мөлшері литрмен көрсетіледі.

13. 8-бағанда экспортқа өткізілген биоотынның мөлшері литрмен көрсетіледі.

14. 9-бағанда өндіруші бүлдірген, жоғалтқан биоотынның мөлшері литрмен көрсетіледі.

15. 10-бағанда өндірушіге қайтарылған биоотынның мөлшері, литрмен көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 26 қаңтардағы
№ 35 бұйрығына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің 2015 жылғы
9 шілдедегі № 4-4/631
бұйрығына
1-2-қосымша

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына

Әкімшілік деректер нысаны www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Басқа жеткізушілерден биоотынның келуі туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: № ПБП-2 нысаны

Жиілігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: _____ тоқсан _____ жыл

Ақпаратты ұсынатын адамдар тобы: биоотын өндірушілер

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-күніне дейін

№ р/с	Жеткізу түрі	Жеткізу мақсаты	Жеткізуші туралы мәлімет		Жеткізілген өнім көлемі, литр	Бюджеттік сыныптама коды	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды	Тауарларға арналған декларация нөмірі №	Тауарларға арналған декларация күні
			Жеке сәйкестендіру нөмірі/ Бизнес сәйкестендіру нөмірі	Атауы					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жиыны:									

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почтасы _____

Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____

Бас бухгалтер _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі қолы

20__ жылғы " __ " _____

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі қолы

20__ жылғы " __ " _____

"Басқа жеткізушілерден биоотынның келуі туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша

"Басқа жеткізушілерден биоотынның келуі туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсініктеме (бұдан әрі – түсініктеме) "Басқа жеткізушілерден биоотынның келуі туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды биоотын өндіруші толтырады.

3. Нысанға биоотын өндірушінің басшы немесе оның міндетін атқарушы адам, бас бухгалтері қол қояды.

4. Нысанды биоотын өндіруші облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күніне дейін ұсынады.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме

6. 1-бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі.

7. 2-бағанда биоотынды жеткізу түрі (импорт, ішкі нарықты жеткізу) көрсетіледі.

8. 3-бағанда биоотынды жеткізу мақсаты (биоотынның басқа түрлеріне қайта өңдеу үшін, техникалық қажеттіліктер үшін, бұрын жеткізілген өнімді қайтару) көрсетіледі.

9. 4-бағанда биоотын жеткізушінің жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

10. 5 бағанда биоотын берушінің атауы көрсетіледі.

11. 6-бағанда импорттық және ішкі өндірістің есепті кезеңі ішінде жеткізуші жеткізген биоотынның көлемі литрмен көрсетіледі.

12. 7-бағанда бюджеттік сыныптаманың коды көрсетіледі.

13. 8-бағанда Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасын кесіп өткен кезде тауарға берілетін Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды көрсетіледі. Баған жеткізілген биоотын импорт болған жағдайда толтырылады.

14. 9-бағанда әкелінетін биоотынға тауарларға арналған декларацияның (бұдан әрі – ТД) нөмірі көрсетіледі. Баған жеткізілген биоотын импорт болған жағдайда толтырылады.

15. 10-бағанда әкелінетін биоотынға ТД ресімделген күні көрсетіледі. Баған жеткізілген биоотын импорт болған жағдайда толтырылады.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2023 жылғы 26 қаңтардағы
№ 35 бұйрығына
4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы

Биотын өндірушілердің биотын өндірісінің мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептерді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына ұсыну қағидалары 1 тарау. Жалпы ережелер

1 Осы Биотын өндірушілердің биотын өндірісінің мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептерді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Биотын өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 13-2) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және биотын өндірушілердің облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына қажетті есептерді ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Биотын өндірушілер облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша биотын өндірісінің мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептерді (бұдан әрі – биотын өндірісі бойынша есептер) ұсынады.

3. Ұсынылған есептерді мониторингтеу нәтижелері бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы биотын өндірісі саласындағы уәкілетті органға жыл қорытындысы бойынша талдамалық ақпарат ұсынады.

2-тарау. Биотын өндірушілердің облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына биотын өндірісінің мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті есептерді ұсыну тәртібі

4. Биотын өндірісі туралы есептерді жасау кезінде түзетуге, өшіруге және тазалауға жол берілмейді.

5. Биотын өндіру жөніндегі есептерді биотын өндірушілер ақпараттық жүйе, тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен почта арқылы жібереді не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының құжаттамалық қамтамасыз ету қызметіне қолма-қол енгізеді.

6. Биотын өндірісі бойынша есептер облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-на дейін ұсынылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК